

ТАРИХШЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аманжол Күзембайұлы

тарих ғылымдарының докторы.профессор
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Өз тәуелсіздігін алған қай мемлекет болмасын алдымен тарихын қайта зерделейтіндігі баршаға мәлім. Сол сияқты қазақ халқы да сонау өткен ғасырдың 90-ыншы жылдары ата тарихын терең тануға ұмтылыс жасады. 1995 жылы «*Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасы*», қабылданды.

Қазақ тарихы жеке пән ретінде мектептердің, арнаулы орта, жоғарғы оқу орындарының оқу жоспаларына енді Сапалысы бар, сапасызы бар том-том оқулықтар, оқу құралдары, мақалалар мен монографиялар жарық көрді. Әсіресе бұрын болмаған мектеп оқушыларына, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар жазылды.

Ел президенті *Н.Ә.Назарбаев* қазақ тарихына зор ықылас танытып, оған арнап өз еңбектерін жарыққа шығарды. 1999 жылы оқырман қолына тиген «*Тарих толқынында*» деп аталатын құнды монография елді елең еткізді. Президенттің тарихты тану, аға ұрпақты, ата дәстүрді құрметтеу, мәдениетті қолдау жөніндегі бастамалары ұлттық менталитетті, мәдениет пен өнерді, әдебиетті көтеруге қызмет ете отырып, ұлттық рухты күшейтіп, рухани сілкініс тудырған шаралардың басы болды.

1998 жылды *Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы* деп жариялау туралы 1997 жылдың 10 желтоқсанында президенттің N 3790 Жарлығы шықты. Тәуелсіздік жылдарында көне дәуірден бүгінге дейінгі оқиғаларды жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеуде ілгерілеушілік байқалады. Оған 1997 жылдан басталған «саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», 1998 жылы «Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих» жыл атаулары, Абылай хан мен Бөгенбай батыр, Абай мен Жамбыл, М.Әуезов пен Қ.Сәтбаев мерейтойлары, Түркістан қаласының 1500 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өту, тарихи фильмдер көрсетілімі және «*Бабалар сөзін*» қайта жаңғыртқан «*Мәдени мұра*» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы дәлел. Мұның бәрі – тарихты әр қырынан жазатын зиялы қауым өкілдеріне үлкен шабыт пен көтеріңкі көңіл-күй бергені рас.

Тәуелсіздік жылдары қазақ тарихнамасында зерттеу тақырыптарының мазмұны түбегейлі өзгерді. Мемлекет саясаты қазақ халқының тарихы мен билік дәстүрін сақтаған мемлекеттілік тарихын жазуға зор мүмкіндіктер ашты. Осы жылдар ішінде елімізде Қазақстан тарихшылары қауымдастығы, Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы т.б. құрылды.

2011 жылдың 19-ыншы қыркүйегінде Еуразия Ұлттық университетінде «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігі: қалыптасуы мен даму көкжиегі» атты Қазақстан тарихшыларының Бірінші Конгресі өтті. Конгресс жұмысына белгілі ғалымдар мемлекет қайраткерлері, Парламент депутаттары қатысты.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет ұйымдастырылған Тарихшылар конгресінің негізгі мақсаты - қазақ тарих ғылымын жаңаша зерделеу. Конгресс ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өтті. Бұл жиын өткен 20 жылды ой елегінен өткізеді. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі тарих ғылымын бұғаудан босатты.

Конгресте қазақ тарихының теориялық-әдіснамалық мәселелері сөз болды. Әсіресе тарихи процессті кезеңдеу проблемасы, тарихты пән ретінде оқыту мен зерттеу төңірегінде әңгімелер қозғалды.

Қазір отандық ғалымдардың алдында қолданыс аясына енген тарихи-мәдени мұраларды кешенді түрде зерттеп-сараптау міндеті тұр. Ресми деректер бойынша шетелдерден қазақ тарихына қатысты 5000-ға жуық көшірмелер әкелінген екен..

2013жылдың алтыншы тамызында сол кездегі Мемлекеттік хатшы *Марат Тәжисиннің* қатнасуымен Қазақстанның ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы болып өтті. Онда Елбасының тапсырмсы

бойынша «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасы жасалатыны айтылды.

Кеңейтілген отырыстың қорытындылары тарихшылар қауымын ғана емес, барша жұртшылықты алаңдатқан күдіктерді сейілтп, оқытушылар мен ғалымдарға, жалпы қоғамтанушыларға ой тастап, жаңа серпін берді. Отырыста көпшілік тарихшылардың пікірі қазақ тарихнамасының теориялық жағынан әлсіздігіне келіп тірелді. Бірақ, бір өкініштісі, осы тығырықтан шығудың жол нақты айтылмады.

Кеңес дәуірінен бізге жеткен тарих ғылымындағы теориялық зерттеулер толығымен философ-ғалымдардың еншісінде болғаны белгілі. Бүгінде «*Тарихи материализм*» деп аталатын философия ғылымының бір тарауы мүлде ескерілмей қалған.

Ағылшынның белгілі ғалымы Эдварт Галетт Карр «...многие современные историки мертвы ввиду того, что у них нет теории. Но теория, которой им не хватает, есть теория истории, а не какая либо посторонняя теория» деп жазған болатын өзінің «Что такое история?» - атты кітабында.

Деректанушы, профессор марқұм Қамбар Атабаев тарих ғылымының методологиясы мәселесіне байланысты мынадай пікір айтып еді: «*Отандық тарих ғылымындағы басты кемшілік – методологиялық кемшілік. Барлық ғылымның негізі методологияда жатыр. Методологиялық, теориялық мәселелерді анықтап алмай, басқа ғылымдар сияқты, тарих ғылымының да өз дәрежесінде дамуы мүмкін емес. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті, функциясы не болуы керек? Алдымен, осыны анықтап алуға тиіспіз. Ең бастысы методологиялық проблема – осы. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті – қазақ ұлтының тарихын зерттеу болуы керек* (Ұлт және тарих Алматы:, 2007. – 35-б.).

Жоғарғы оқу орындарында оқытылатын пәндердің барлығының да өз теориясы бар. Әдебиетшілер өз пәнін оқытуды «Әдебиет теориясынан», заңгерлер «Мелекет және құқық теориясынан» бастайды. Біздің тарихшыларды дайындайтын мемлекеттік стандартта «Тарих теориясы» деп аталатын пән мүлде жоқ. Аталмыш пән тарихшы мамандарды дайындау процесінде ерекше орын алады. Өкінішке орай, тарихтың әдіснамасы жөнінде ХІХ ғ. басында негізгі ұғымдары қалыптасқанымен, оған осы күнге дейін мән берілмей келеді.

Бүгінгі таңда тарихшы маманын дайындайтын факультеттердің оқу жоспарларында бұл пән өз орынын таба алмай отыр. Бір қызығы тарихи зерттеулерде ғалым теорияларға сүйенгенмен, оны кейбір жоғары оқу орындарында оқытпайды.

Соңғы жылдары кейбір орталықтағы университеттерде осы аттас пән оқытыла бастаған сияқты. Біздің білетініміз Қазақ Ұлттық университетінде, Алматы мемлекеттік университетінде, Л.Н.Гумилав атындағы Еуразия университетінде, тағы да басқа оқу орындарында бұл пән элективті пәндер қатарында оқытылады.

Біздің ойымызша, тарих факультетінде оқу процесі *тарих ғылымының теориясы* деп аталатын пәннен басталуы қажет. Өйткені алдымен осы ғылымды түсінбей *тарих* деп аталатын сан қырлы, әр салалы, мұхиттай шалқар, асқар таудай биік, данышпандық пен білгірліктің көзі, ХІХ ғасырдың орта шенінде «*ғылымдардың патшасы*» атанған, өзіміздің таңдап алған білім саласын толық меңгеру мүмкін емес.

Міне осы олқылықты жою үшін Қостанай педагогикалық институтының тарих факультетінде 2004-2005 оқу жылынан бастап Ғылыми кеңес шешімімен «Тарих ғылымының теориясы және әдіснамасы» пәні оқытыла бастады. Міне, осы уақыт аралығында кафедра біршама тәжірибе жинақтады. Сол тәжірибемен бөлісудің орайы келген сияқты.

Пән *тарих ғылымының теориялық негіздері* және оның *әдіснамасы* деп аталатын екі құрамдас бөлімдерден тұрады. Бұл пәннің әр бөлімі бір бірімен тығыз байланыста. Бірін меңгермей екіншісін түсіну мүмкін емес. Көлемі үш кредит: 30 сағат лекция оқылады. 15 сағат семинар жүргізіледі, 45 сағат оқытушы басшылығымен жүргізілетін студенттердің өз бетімен игеретін жұмыстарына арналады да қалған уақытта олар семинарға, реферат жазуға, емтихан тапсыруа дайындалады.

Пәннің негізгі *мақсаты* тарихи даму заңдылықтарын және оны анықтау әдістерін зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін мына төмендегі *міндеттерді* іске асыру қажет.

- Тарихтың пәнін оның салалары мен бөлімдерін, тарихи білімнің деңгейлерін, тарихи сананың түрлерін анықтау.
- Тарих ғылымында теорияның алатын орынын анықтау. Тарихтың негізгі ғылыми проблемасы - таным теориясы. Оның ерекшеліктері және принциптері жазылатын тарихи шығармаларының объективтілігіне, шынайылығына оқырманның сенімінен шығуына байланысты.
- Курсты оқыту барысында тарих ғылымының қоғамда атқаратын міндеттеріне де толығынан тоқталамыз.
- Тарих ғылымы гуманитарлы ғылымдар қатарына кіретін болғандықтан, оның басқа ғылымдармен байланысын, сабақтастығын және олардың тарихқа әсерін, тарихтың оларға тигізетін әсеріне көңіл аударамыз.
- Тарих ғылымында пайдаланылатын дефинициялар мен парадигмаларға тоқталу, олардың ішкі мәнін, мазмұнын ашу.

Пәнді оқыту барысында студенттерде теория мен тарихи таным әдістерінің ара қатынасы жөнінде, тарихи зерттеулер принциптері туралы, тарихи зерттеу әдістерінің танымдық мүмкіншіліктері жөнінде **көзқарас қалыптасады**. Студент теориялық-әдіснамалық түсініктерді, қарастырылып отырған ғылыми теориялардың негізгі қағидаларын **игереді**.

Келешекте курс, диплом жұмыстарын жазу барысында зерттеу бағдарламасын жасауды, нақтылы ғылыми проблемаларды шешу процесінде өзіне қажетті теориялық-әдіснамалық түсініктер мен категорияларды пайдалануды, тарихи зерттеулердің негізгі әдістерін **үйренеді**.

Мақаламыздың соңында Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының тарих және өнер факультетінің тарих мамандығы бойынша бірінші курс студенттеріне екінші семестрде оқылатын «Тарих теориясы және методологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарын ұсынып отырмыз.

| Лекция тақырыбы | Сағат саны |
|---|------------|
| Кіріспе | 2 |
| 1 блок .Тарих ғылымындағы теорияның орыны | 2 |
| 2-лек. Тарих ғылымының анықтамасы | 2 |
| 3-лек. Тарих ғылымының функциялары | 2 |
| 4-лек. Тарихи таным теориясы | 2 |
| 5-лек.Тарихи оқиға және тарихи факт | 2 |
| 6-лек. Тарихи уақыт және тарихи процесті кезеңдеу | |
| 7-лек. Тарихи кеңістік | |
| 8 - лек . Тарихи даму концепциялары және тарихи заңдылық | |
| II блок. Тарих ғылымының әдіснамасы | |
| 9- лек. Тарих ғылымының философиясы | 2 |
| 10- лек. Тарихи зерттеулердегі жалпы ғылыми әдістер | 2 |
| 11- лек. Тарихи зерттеулерде ғана пайдаланылатын әдістер | 2 |
| 12- лек.. Тарихи зерттеулерде жараталыстану ғылымдарының әдістері. | 2 |
| 13- лек. Нақтылы-проблемалық әдістер | 2 |
| 14- лек. Тарихи зерттеулерде интернет мүмкіншілігін пайдалану | 2 |
| 15- лек. Зерттеу бағдарламасы және тарихи зерттеудің негізгі кезеңдері. | 2 |

Осы пән оқытылғаннан кейін, келесі үшінші семестірде **«Теориялық деректану»** ал төртінші семестірде **«Жалпы тарихнама»** пәндері оқытылады. Сөйтіп, екінші курсты аяқтаған студент өз бетімен ғылыми ізденіс жүргізуге дайын болады. Осындай шараларды іс жүзіне асырған жағдайда біз келешекте қазақ тарихы бойынша нақтылы әрі тиімді кәсіби зерттеу жұмыстарымен айналысатын мамандар дайындауға қол жеткіземіз.